ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдын 2желтоқсан Іс №5501-24-00-2/3686Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысыәкімдігі Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі" коммуналдық мемлекеттікқазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Туреханов» жеке кәсіпкернің атынан Куракбай Ахметович Туреханов

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысыәкімдігі Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі" коммуналдық мемлекеттікқазыналық кәсіпорны «Туреханов» жеке кәсіпкернің атынан Куракбай Ахметович Турехановқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танутуралыталап қою - қанағаттандырылсын.

«Туреханов» жеке кәсіпкернің атынан Куракбай Ахметович Туреханов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Тореханов» жеке кәсіпкернің атынан Куракбай Ахметович Турехановтан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Көшірме дұрыс
Судья Е. Магзумов

Анықтама: шешім 2025 жылдың «10» қаңтар күні заңды күшіне енді.
Судья Е. Магзумов

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 02.12.2024

501-24-3-1/4066